



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР
МИНИСТРЛІГІ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР
ДЕПАРТАМЕНТІ
ХРОМТАУ АУДАНЫНЫҢ
ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕНЕЖЕРІ

№ 01-02-34-5/31-4

« 0 5 » 02 2023 ж.

«№5 Хромтау гимназиясы» КММ
директорына

Хабарландыру хаты

Хромтау ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі (бұдан әрі – Бөлім) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы «Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі» № 375-V144-2 бабына сәйкес өрт қауіпсіздігі саласындағы «Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау» бойынша және 2025 жылдың 1 жартыжылдығына арналған профилактикалық бақылау кестесінің негізінде 2025 жылдың 10 наурызынан бастап, Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Хромтау қаласы, Әйтеке би көшесі, 57 мекен-жайында орналасқан «№5 Хромтау гимназиясы» КММ объектілеріне тәуекел дәрежесін бағалау негізінде өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау тұрғысында профилактикалық бақылау жүргізілетінін хабарлайды.


Тексеру нысанасы – талаптардың сақталуы:

1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің 2021 жылғы 17 тамыздағы № 405 бұйрығы «өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті;
2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығы.
3. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің «Ұйымдардың жұмыскерлері мен халықты өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту қағидаларын және өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» 2014 жылғы 9 маусымдағы № 276 бұйрығы;
4. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2017 жылғы 23 маусымдағы №40 шешімімен қабылданған «Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрт сөндіру құралдарына қойылатын талаптар туралы» (ЕАЭО ТР 043/2017) Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті;
5. Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V Заңы (*Уәкілетті орган өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады*).

Тексеру нәтижелеріне шағымдану немесе тексеру бойынша өзге ақпаратты ұсыну үшін сенім телефонының 54-86-20 нөміріне немесе Департамент басшылығының қабылдау бөліміне 54-84-98 нөмірі бойынша хабарласуыңызды сұраймыз.

Тексеру туралы хабарлама алу мәселелері бойынша бөлімнің аға инженері Карабалин Нуртилек Шамғонұлына 87753321580 нөмірі бойынша хабарласуға болады.

**Хромтау ауданының ТЖБ бастығы
азаматтық қорғау майоры**




А.Алмагамбетов

Хабарламамен таныстым, хабарламаның бір данасын алдым:

№5 Хромтау азаматтық қорғау директоры, М.А; М.А. Караманов
Алған күні: 05.01.2025

Электрондық мекен-жайы, байланыс телефоны: 8713-36 24-409



Орынд.: Н. Карабалин
Тел: 8/71336/2-11-37